

Бекітемін:  
Қарой ЖББМ  
директоры Н.Б.Туякова



### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы

**Топ:** «Күншуақ»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30 қыркүйек – 04 қазан

2024-2025 оқу жылы

1-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.09.2024ж	Сейсенбі 01.10.2024ж	Сәрсенбі 02.10.2024ж	Бейсенбі 03.10.2024ж	Жұма 04.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем күймен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу <b>Күй күмбірі</b>	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу <b>Коммуникативтік дағды</b>	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу <b>Шығармашылық дағды</b>	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу <b>Коммуникативтік дағды</b>	Үш түрлі смайликпен қарсы алу,күй қосу <b>Күй күмбірі</b>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жұпты суреттер». Балаларға белгілі бір жемістің суреті бейнеленген картинаны тандап алып, содан соң оның екінші жұбын іздеп табу туралы ұсыныс	Жемістердің атауларын біледі: алма, алмұрт. Апельсин, банан, өрік. Олардың түсі мен көлеміне тоқталады. Қандай жемісті жақсы	Асықты іліп алып, түстерді тап ойыны Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады <b>Біртұтас тәрбие</b>	«Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру <b>Біртұтас тәрбие</b>	Дид ойын: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу <b>Коммуникативтік дағдылар</b>

	жасалады. <b>Экологиялық мәдениет</b>	көресіндер? Неліктен? Балалар өздерінің ұнататын жемістерін көрсетеді, <b>Экологиялық мәдениет</b>			
<b>Танертеңгі жаттығу</b>	<b>Қазан айына арналған танертеңгі жаттығулар кешені</b> (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтуға үйрету <b>Сөйлеуді дамыту</b>	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. <b>Қоршаған ортамен танысу</b>	көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйретк <b>Сенсорика</b>	кейіпкерлермен такпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау <b>Көркем әдебиет</b>	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. <b>Қоршаған ортамен танысу</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқа қадам жасау,	<b>Музыка</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани	<b>Дене шынықтыру</b> педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап		<b>Дене шынықтыру</b> бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;

	аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұгу (жазу)	білу дағдыларын қалыптастыру;	жүру.		
	Тәрбиеші сөзін есту жәнетындау. Әр түрлі жануарлардың дыбыстарын естіртіп бұлдыбыстар қайдан шығыпжатыр екен деп сұрау арқылы қораптан шығыпжатқанын көрсету, әр жануардың дыбысына сәйкес шығарып көрсету,бірге қайталау. Түрлі дыбыстарды саралау. (сөйлеуді дамыту) құрылыс материалдарынанжәне ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету; (Құрастыру)	«Үш аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы айтып көрсетіпберу. Дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратабілулерін дамыту (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Екі пішін арқылы үйқұрастыру. Ауызшанұсқаумен үлгігесүйене отырып, тапсырмаларды орындау; (сенсорика)	Аюлардың қимылдары мен дауысын салу. «Аю», «аюлар» деген сөздерді дұрыс айтуды жетілдіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша кітаптар қарау, қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ұйымдастыру. (көркем әдебиет, сенсорика)	Ойыншық жануарларды беру. Еркін ойындар ойнату. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға. «Үш аю» ертегісібойынша кейіпкерлердің атауларын атауын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту жәнекөркем әдебиет) Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету(музыка)
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі	Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Ағаштарға, ағаш жапырақтарына назар аударту. Күз ерекшеліктерін айыра	Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер». Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.	Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке	Күзгі жапырақтарды бақылау. күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың

	жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.		баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.	жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Сарғайған жапырақтарды жинау.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Жануарлардың ойыншықтарын қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. <b>(көркем әдебиет)</b> сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру. Жануарлар ойнауына арналған доп жасау. <b>(мүсіндеу)</b>	Аюлардың ыдыстары, тәрелкелерді жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру <b>(мүсіндеу)</b> қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Үш аю бейнесін орналастыруды үйрету. <b>(Жапсыру)</b>  Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Өз еркімен іс әрекеттерді жасауын дамыту. <b>(Сурет салу)</b>	Аюды домалақтар арқылы жасау. Заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу <b>(мүсіндеу)</b> Бірнеше пласмас шарды топқа алып келіп атын, түсінатату. Әр балаға таратып беріп еркін ойындар ұйымдастыру. көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды арнайы орындарына топтастыруды үйрету <b>(сенсорика)</b>  Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айту. <b>(музыка)</b>	Екі пішін арқылы үй құрастыру. Ауызша нұсқаумен үлгісүйене отырып, тапсырмаларды орындау; <b>(сенсорика)</b> Саз балшықты алақан арасына салып есу, жалпақтау арқылы жапырақ жасату. <b>(мүсіндеу)</b>  Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін дамыту. <b>(Сурет салу)</b>	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін дамыту. <b>(Сурет салу)</b>

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету.	дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту.	дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету.	.....ға қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату.	.....қа аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру

Бекітемін:  
Қарой ЖББМ  
директоры Н.Б.Туякова



### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы

**Топ:** «Күншуақ»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 07 – 11 қазан

2024-2025 оқу жылы

**2-апта**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.10.2024ж	Сейсенбі 08.10.2024ж	Сәрсенбі 09.10.2024ж	Бейсенбі 10.10.2024ж	Жұма 11.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді <b>Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі</b>	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) <b>Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі</b>	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу <b>Күй сүйемелдеуі</b>	Көңілді күн әнімен қарсы алу <b>Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі</b>	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу <b>Күй сүйемелдеуі</b>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	Қарапайым құрылыстарды (жол, мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (құрастыру)	Өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру. <b>(сенсорика)</b>	Қ/О Еркін ойындар Қазақ елі жайлы видеоролик көрсету, <b>біртұтас тәрбие</b> Тақпақтар қайталату, тілдік жаттығулар жасату	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру	Қ/О «Жалауға қарай жүгір»  Қарапайым құрылыстарды (жол, мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін

әрекеттер)				(қоршаған ортамен таныстыру)	ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (құрастыру)
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, кимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету <b>Құрастыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету <b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b>	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту <b>Сурет салу</b>	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру <b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b>	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру; <b>Сурет салу</b>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Дене шынықтыру</b> Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі, жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.	<b>Музыка</b> ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып пересекпен қосылып ән айту	<b>Дене шынықтыру</b> Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату		<b>Дене шынықтыру</b> Жиіктері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу;

	<p>Құстардың дыбысын тыңдату. Бұл ненің дауысы? Құстарға жанашырлық білдіруді үйрету. Қысқы азығын жинауға көмектесу туралы әңгімелесу. <b>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Бірдей құстарды топтастырып ойнату. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. <b>(Сенсорика)</b></p>	<p>Бір бірінің артына тұрып, құстар сияқты ұшып топ бөлмесінде серуен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>Балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау. <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Фланелеграфқа балапан мен торғайларды топтастырып жапсыру. <b>(жапсыру)</b></p>	<p>Терезеге қаратып, далада жел тұрып, жаңбыр жауып тұрғанын бақылату. Желдің дауысын ууу деп салуды. Саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. Дала суық болғандықтан құстар жаурайды деп қимылмен көрсетуді жетілдіру. Олардың үйлері жоқ, олар түнде қайда ұйықтайды деп балалардың пікірін тыңдау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу. <b>(Сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Оларға құрастыру құралдарынан үйшік жасайық деп ауызша нұсқау бойынша құстарға ұя жасауды үйрету <b>(сенсорика)</b></p>	<p>Құстардың қима суреттерін құрастырып, қандай құс екенін атау. Не білетінін айтқызу. Дыбыстарын, қимылдарын салуын пысықтау. Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға үйрету <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Кітаптардан құстардың суретін тамашалау. Құстар бар кітаптарды табуын жетілдіру. <b>(көркем әдебиет)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Күнді бақылау:</b> Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере	<b>Күнді бақылау:</b> <b>Тәрбиеші</b> күннің ауысып, орналасқан жерін	<b>Көркем сөз:</b> Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді	<b>Ағаштарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі	<b>Ағаштарды бақылау</b> <b>Көркем сөз:</b> Ұшты талдан

	<p>отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.</p> <p><b>Жұмбақ:</b> Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн)</p>	<p>байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.</p>	<p>Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Кұстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев <b>Қимылды ойын:</b> «Қоңыздар» <b>Еңбек:</b> құмсалғышты жапырақтардан тазарту.</p>	<p>ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. <b>Алаңдағы еңбек:</b> «Кім көп жапырақ жинады?»</p>	<p>жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді <b>Тақпақ:</b> Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. <b>Қозғалмалы ойын:</b> «Өз жұбынды тап» Максаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Көңілді музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау (<b>музыка</b>) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер.</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.. Фланелеграф</p>	<p>Дамытушы орталықтарда балалардың бастамасымен құрылыс материалдарынан заттар құрастыру ойындары. Парак бетінде бейнені орналастыру әрекетін дамыту.</p>	<p>Қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салдырту. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу (<b>сурет салу</b>)</p>	<p>«Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту (<b>сенсорика</b>) Қандай сурет сала алатынымзды көрсетейік.</p>

		тактасына доптарды, шарларды жапсыру.		пластмасса құрылыс	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.	балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау.	саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету.	кұстары бар кітаптарды табуын жетілдіру.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Кенес беру

Бекітемін:  
Қарой ЖББМ  
директоры Н.Б.Туякова



### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы

**Топ:** «Күншуақ»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14 – 18 қазан

2024-2025 оқу жылы

3-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.10.2024ж	Сейсенбі 15.10.2024ж	Сәрсенбі 16.10.2024ж	Бейсенбі 17.10.2024ж	Жұма 18.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Шармен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тындау шаттану. Дид ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау Сөйлеуді дамыту	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым» Міндеті сөздік қорын дамыту Коммуникативтік дағдылар.	Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап. Міндеті пішіндерді ажырата алу қабілеттерін дамыту Танымдық дағдылар	Саусақ ойыны сергіту бауырсақ, сөйлеу тілін дамыту, <b>біртұтас тәрбие</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Міндеті өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру <b>Құрастыру әрекеті</b>
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; <b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. <b>Жапсыру</b></p>	<p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуға үйрету <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>сурет салу техникасын жетілдіру <b>Сурет салу</b> Музыка тындау шаттану. Дид ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру. <b>Жапсыру</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқақадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу)</p>	<p><b>Музыка</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тындау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.</p>		<p><b>Дене шынықтыру</b> бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;</p>
	<p>Қонаққа есік тоқылдап бауырсақ кейіпкерін кіргізуі. Балаларға жаңа ойыншықар алып келгенін айту. Әр баланың қолын қалтасына салдыртып</p>	<p>Қуыршақтардың отбасы мүшелерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Ойыншықтарды қима карточкалардан құрастыру. Құрастырған ойыншығы туралы өз ойын айтуын дағдыландыру. Зат есімнің көпше түрін</p>	<p>Үстел үсті театры арқылы «Әтеш пен түлкі» ертегісін тындап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге дағдыландыру. Топпен бірге «Машина» тақпағын айтуды үйрету</p>

	<p>біройыншық алуды ұсынады. Балалар алғанойыншықтарын атап, қалай ойнайтынын көрсетеді. сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Бауырсақпен бірге такпақ жаттау.</p>	<p><b>(сөйлеуді дамыту)</b> доптар тақырыбында домалақтардың суретін салу, сазбалшықтан дөңгелек мүсін жасау. Отбасы мүшелерінің жанына шарды орналастырып жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b> Құрастыру материалдарынан машиналардың жолдарын құрастыруды</p>	<p>пайдалануға үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, құрастыру)</b> Балалардың сүйікті ойыншығы допты сазбалшықтан мүсіндеуді пысықтау. <b>(мүсіндеу)</b> <b>Машина</b> Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіндер тілімді. <i>Ә. Табылдиев</i> <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атау. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Ойыншықтар әнін тыңдау. Балалардың қарапайым би кимылдарын жасау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру <b>(музыка)</b></p>	<p>Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіндер тілімді. <i>Ә. Табылдиев</i> <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Тұманды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Тірі және өлі табиғат түсінік беріп; табиғат құбылысы тұманды бақылау. Тәрбиеші тұман ол – табиғаттың бір құбылысы</p>	<p><b>Тұманды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Қоршаған ортаның әдемілігін сезініп түсінуге үйрету, күздің алуан түрлілігін</p>	<p><b>Шықты бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. <b>Бақылау:</b> Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? ( күн ұясына</p>	<p><b>Күзгі аспанды, бұлтты бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін</p>	<p><b>Күзгі аспанды, бұлтты бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз</p>

	<p>екендігін айтады, күн шыға бастағанда тұман азая бастайды, ал күн жылына бастағанда туман жоқ болып кетеді, ол ауа-райының өзгеруінен пайда болатын құбылыс.</p> <p><b>Болжам:</b> Күз жылы болса-қыс ұзақ болады.</p> <p><b>Ойын:</b> «Күн мен түн»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту.</p> <p><b>Алаңдағы еңбек:</b> Ойын аланың сыпыру.</p>	<p>көруге үйрету.</p> <p><b>Жұмбақ.</b> Құстар қайта бастады, Құстар қанат қағады, Қоштасқандай бізбенен Бұл қай кезде болады? (Күзде)</p> <p><b>Алаңдағы еңбек:</b> Ойын аланың сыпыру.</p>	<p>батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.</p> <p>Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)</p> <p><b>Жұмбақ:</b> Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық)</p> <p>Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық)</p> <p><b>Қозғалмалы ойын:</b> «Мысық пен торғайлар»</p> <p><b>Алаңдағы еңбек:</b> қураған өсімдіктерді жинау.</p>	<p>жетілдіру.</p> <p><b>Жұмбақтар:</b> Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр)</p> <p>Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)</p>	<p>аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)</p> <p><b>Болжам:</b> аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.</p> <p><b>Жұмбақ:</b> Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. (бұлт)</p> <p><b>Қозғалмалы ойын:</b> «Орамал тастау».</p> <p><b>Алаңдағы еңбек:</b> Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Қалауы бойынша дамытушы орталықтардаеркін іс әрекеттер. Қуыршақ ойыншықтарға қазақтың ұлттық бас киімдерін,тағы басқа киімдерінкидіру. фланелеграфта жапсыру <b>(жапсыру)</b> <b>Бір тұтас тәрбие</b></p>	<p>Ойыншықтар әнін айту. видео арқылықөру. Бірге қимыл жасау. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b> Көлемі, пішіні, түсібойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру</p>	<p><b>«Машина»</b> Машинамын -көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіндер тілімді. <i>Ә.Табылдиев</i> Таныс тақпақты қайталау,жаттау. Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерінжетілдіру, доп жасау <b>(мүсіндеу)</b></p>	<p>Еркін іс әрекеттер Сенсорлық ойындар, кітаптардан «Әтеш пен тұлкі» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін фланелеграфқа ертегі желісі бойынша жапсыру. <b>(сенсорика,жапсыру)</b></p>	<p>Қалауы бойынша шариктер суретінсалуды жетілдіру. Түрлі түсті ермексаздан шариктер жасау. Фланелеграфқа шариктер жапсырып, моншак тізуді үйрету. <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>сөздердідұрыс айтуды ескере отырып,сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p>	<p>отбасы мүшелерінің жанына шарды орналастырып жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру.</p>	<p>зат есімнің көпше түрін пайдалануға үйрету.</p>	<p>не істеді сұрағына жауап беруді үйрету.</p>	<p>«Машина» тақпағын айтуды үйрету.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Қазақ тіліндегі сөздерді зерделеу бойынша ұсыныстар беру</p>	<p>Режим бойынша өмір сүру» ауызша журнал</p>	<p>«Баланы тәрбиелеудегі отбасының рөлі» ата-ана бұрышындағы кеңес</p>	<p>Ұялы телефон зияны жайлы айту</p>	<p>Сәтті демалыс тілеу</p>

Бекітемін:  
Қарой ЖББМ  
директоры Н.Б.Туякова



### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы

**Топ:** «Күншуақ»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 21 – 24 қазан

2024-2025 оқу жылы

4-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.10.2024ж	Сейсенбі 22.10.2024ж	Сәрсенбі 23.10.2024ж	Бейсенбі 24.10.2024ж	Жұма 25.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Достарым әнімен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>М. Монтессори</b> «Құмырадан құмыраға салу» ұлттық ыдыс торсықпен таныстыру Қимыл қозғалысты үйлестіру; зейінді тұрақтандыру; ұсақ маториканы дамыту. <b>Біртұтас тәрбие</b>	Ойын жаттығу «Қуыршақты жуындыр» <b>Танымдық дағдылар</b>	<b>Кюзенер</b> таяқшалары «Ұқсасын тап» Балаларды «Кюизенер таяқшаларымен» таныстыру. Түстерді ажырату. <b>Танымдық дағдылар</b>	Ірі құрылыс материалдармен және конструкторлар-мен ойындар <b>Құрастыру әрекеті</b>	

Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру	Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. «Кун тун» ойынын ойнату арқылы уақыт бағдарлау дағдысын қалыптастыру.	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ( <b>сенсорика</b> ) Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Дене шынықтыру</b> Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.	<b>Музыка</b> ән айтуға қызығушылықты дамыту, ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру.	<b>Дене шынықтыру</b> Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату		<b>Дене шынықтыру</b> Жиіктері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу.
	Балалардан үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру <b>Қоршаған ортамен танысу</b> «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев	Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың Мақсаты: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады. <b>Көркем әдебиет</b> «Бағдаршам» ойыны Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан,	Ойын: «Айсұлу адасып кетті» (тілдің дыбысталу мәдениеті) Мақсаты: Тілдік қарым - қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. <b>Сөйлеуді дамыту</b> «Қала жолдары» ойыны	Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру <b>Сенсорика</b> Жол белгілерімен, жол қиылысындағы жолдар туралы әңгімелесу <b>Қоршаған ортамен танысу</b> Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру	Сұрақтар ілмегі Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?  - Жиек жолмен жүреміз.  - Жиек жол болмағанда ше? - Жер асты жолымен.

	<p>Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Сызықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p>Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады.</p> <p><b>Құрастыру</b></p>	<p>оңға қарай орналастырады.</p> <p><b>Сенсорика</b></p> <p>«Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерді жабыстырады</p> <p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді.</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p>«Ауладағы қауіпсіздік»</p> <p>Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>ойыны,</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Ұзын және қысқа жолдарды ажырату</p> <p><b>Сенсорика</b></p> <p>Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді)</p> <p>А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма?</p> <p>Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме?</p> <p>С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба?</p> <p>Д) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба?</p> <p>д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе?</p> <p>Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе?</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>- Жолдың қай жағымен жүру керек?</p> <p>Оң қол жақпен жүреміз.</p> <p>- Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?</p> <p>- Аялдамадан отырамыз.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Ойын: «Белгілерді жинап, ата» (пазлдар, балалар жол белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды)</p> <p><b>Құрастыру</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b>)</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Ақсерек-көксерек.</b></p> <p>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.</p> <p>ші топ. Ойынды бастайды</p> <p>Ақсерек-ау ақ серек</p>	<p><b>Түйілген орамал.</b></p> <p>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал</p>	<p><b>Соқыр теке.</b></p> <p>Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.</p> <p>Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ</p> <p>Қайда кеткен құлыншақ</p> <p>Соқыр теке бақ-бақ</p>	<p><b>Түлкі мен балапандар.</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын ойналады. Ойында</p>	<p><b>Допты қуып жет.</b></p> <p><b>Ойын мақсаты:</b></p> <p>балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге, түсетерін көлемін ажырата білуге баулу.</p>

	<p>Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек –ау ақ серек</p> <p>Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек (дене шынықтыру, көркем әдебиет)</p>	<p>ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.</p> <p>(дене шынықтыру, көркем әдебиет)</p>	<p>Мені ізден тап-тап Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы(баларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылайын жалғаса береді.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.</p> <p>Қажет құралдар: түлкі мен балапан бетерделері.</p> <p>(дене шынықтыру, дене белсенділігі)</p>	<p>Ойынның шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді.» Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.</p> <p>к/құралдар: түрлі-түсті, үлкен-кішілі доптар.</p> <p>(дене шынықтыру, дене белсенділігі)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.</p> <p>(дербес қимыл әрекеті).</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Жол белгілері» ойыны</p> <p>Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш.</p> <p>Сенсорика</p> <p>Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету</p>	<p>«Көлік байланыс құралдары» Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау</p> <p>Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу.</p>	<p>«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді).</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Ойын: «Фигуралық көлік жүргізу» (Балалар скутерде кегльді құлатпай айналып өтуі керек)</p> <p>Дене шынықтыру</p>

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауды үйрету.	«Алма» тақпағын жаттату.	саусақ бұлшықеттерін дамыту.	көркем қабылдауын дамыту.	бірдей жемістерден топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру